

ЖАҢАЛЫҚТАР

Бішкекте ШЫҰ елдері басшыларының саммиті басталды

1 қыркүйек 2026 жыл, 11:17



Шанхай ынтымақтастығы ұйымы саммитіне қатысушы елдердің жетекшілері. Бішкек, Қырғызстан, 1 қыркүйек, 2026 жыл.

1 қыркүйекте Қырғызстан астанасында Шанхай ынтымақтастығы ұйымына (ШЫҰ) мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің кезекті жиыны басталды.

Оған Қырғызстан, Қазақстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Ресей, Беларусь, Иран президенттері, Қытай президенті және Үндістан мен Пәкістан премьер-министрлері қатысып жатыр. Бішкектегі жиынға Қазақстаннан президент Қасым-Жомарт Тоқаев барды.

Биыл ШЫҰ-ға Қырғызстан төрағалық етеді және ШЫҰ+ форматындағы кездесу де өтпек.

2001 жылы Қытай мен Ресейдің бастамасымен құрылған ШЫҰ-ға Қазақстан,

Қытай, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан, Өзбекстан, Пәкістан, Үндістан, Иран және Беларусь кіреді. ШЫҰ-ға мүше 10 мемлекетте жиынтығы 3,4 миллиардқа жуық адам тұрады.

ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ

● Нарендра Моди Владимир Путинді Украинадағы соғысты тоқтатуға шақырды

● Тоқаев ШЫҰ басшылары жиынына қатысу үшін Бішкекке барды

● Қырғыз президентінің баспасөз хатшысы Бішкек жұртына ШЫҰ саммиті кезінде қалада болмауға кеңес берді

● Қырғызстан мен Қытай мәңгілік достық келісіміне қол қойып, шекарада көпір салуға келісті

● Си Цзиньпин Қытайдың Орталық Азиямен қарым-қатынасын қалай өзгертті?

Айдар

- ЖАҢАЛЫҚТАР
- ЖАЛПЫ АРХИВ